

Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 02/01 "Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын айқындау туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 12/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 наурызда № 5263 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 02/01 "Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4594 болып тіркелген, 2018 жылғы 3 ақпандағы № 5 (1246) "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде 2018 жылдың 2 ақпанында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Сапар Каиркенович Сатаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ш. Мамалинов